



Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының (ӘҮҰ), мүше-елдер өкілдерінің және халықаралық қызметкерлердің заңдық мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 240

Измирде (Түркия) 1996 жылғы 4 қыркүйекте қол қойылған  
Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының (ӘҮҰ), мүше-елдер өкілдерінің және халықаралық қызметкерлердің заңдық мәртебесі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Экономикалық ынтымақтастық ұйымының  
(ӘҮҰ) мүше-елдер өкілдерінің және  
халықаралық қызметкерлердің заңдық мәртебесі  
туралы келісім

Осы Келісімге қол қойған мемлекеттер Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымына жүктелген міндеттерді дұрысырақ атқару Ұйымның, оның халықаралық қызметкерлерінің, Келісімге қол қойған, ӘҮҰ іс-шараларына қатысатын мемлекеттер өкілдерінің, сондай-ақ Ұйым үшін жұмыс істейтін сарапшылардың заңдық статусы болуға тиіс деп тани отырып және тиісінше мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

I Бөлім

Жалпы ережелер

1-бап

Осы Келісімде:

а) "Ұйым" - Измир Шартының ережелеріне сәйкес Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымын білдіреді;

- б) "Министрлер Кеңесі" - Измир Шартының ережелеріне сәйкес Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Министрлер Кеңесін білдіреді;
- в) "Тұрақты Өкілдер Кеңесі" - Измир Шартының ережелеріне сәйкес Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Тұрақты Өкілдер Кеңесін білдіреді;
- г) "Қосалқы Органдар" - Кеңес оларға осы Келісімді қолданбауға шешім қабылдай алатын органдарды қоспағанда, Министрлер Кеңесі құрған немесе оның қарауындағы кез келген органды, комитетті немесе қызметті білдіреді;
- д) "Бас Хатшы" - Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Бас Хатшысын білдіреді;
- е) "Хатшылық" - Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Хатшылығын білдіреді.

## 2-бап

Ұйым және Уағдаласушы Мемлекеттер сот ісін тиісінше жүргізуге, мемлекеттік ережелер мен нұсқауларды сақтауды қамтамасыз етуге және осы Келісімде белгіленген иммунитеттер мен артықшылықтарды теріс мақсатта пайдалануды болдырмауға жәрдемдесу үшін үнемі ұнтымақтасып отыратын болады. Егер қандай да бір Уағдаласушы Мемлекет осы Келісім шенберінде берілетін әлдебір иммунитет немесе артықшылық теріс мақсатта пайдаланылды деп санайтын болса, онда Мемлекет пен Хатшылық арасында немесе мұдделі Мемлекеттер арасында теріс мақсатта пайдалану фактісін анықтау үшін консультациялар өткізіледі және мұндай жағдай орын алған болса, алдағы уақытта оның қайталанбауына барлық мүмкіндік жасалады. Алайда, жоғарыда

айтылғанға немесе осы Келісімнің кез келген басқа ережесіне қарамастан, оған осы Келісім шенберінде берілген өзінің елде болу артықшылықтарын немесе кез келген басқа артықшылықтарын немесе иммунитетін әлдебіреу теріс пайдаланды деп санайтын Уағдаласушы Мемлекет сол адамнан оның аумағынан кетуін талап ете алады.

## II Бөлім

### Хатшылық

#### 3-бап

Хатшылық заңды тұлға болып табылады, ол контрактілер жасасуға, қозғалмалы және қозғалмайтын мүлік сатып алу мен оны иеленуге және Тұрақты Өкілдер Кеңесінің келісімімен сот ісін қарауды бастауға құқылы.

#### 4-бап

Хатшылық, қайда орналастырылғанына және оларды кімнің иеленуіне қарамастан, оның меншігі мен активтері Бас Хатшының Хатшылық атынан әрекет ете отырып, осы иммунитет құқығынан бас тартуға арнаулы келісім беретін жағдайларын қоспағанда, қандай да сот істерін қарау түрінің иммунитетімен пайдаланады. Алайда, мұндай жағдайда иммунитет құқығынан бас тарту атқару шараларына немесе мүлікті тұтқындауға таралмайды деп

түсіндіріледі.

#### 5-бап

Хатшылықтың үй-жайына тиісуге болмайды. Олардың қайда орналастырылғанына және кімнің иелігінде болатынына қарамастан, оның меншігі мен активтері тінтуден, тұтқындаудан, реквизициялаудан, тәркілеуден, экспроприациялаудан немесе қол сұғушылықтың кез келген басқа да нысандарынан босатылады.

#### 6-бап

Олардың қай жерде орналасқанына қарамастан Хатшылықтың архивтері мен оған тиесілі немесе оның иелігіндегі барлық құжаттарға тиісуге болмайды.

#### 7-бап

1. Хатшылық қаржы жағдайлары, бақылаудың немесе мораторийдің кез келген түрі

жағынан шектеулі емес және:

- а) кез келген валюта түрін иемдене алады және оның кез келген валютада есеп-шоты бола алады;
- б) өз қорларын валютаның бір түрінен екіншісіне кез келген елдің шегінде еркін түрде аудара, сондай-ақ өзінің қарамағындағы кез келген валютаны кез келген екінші бір валютаға қалыптасқан жағдайға қарай ең тиімді занды сату немесе сатып алу бағамы бойынша айырбастай алады.

2. Жоғарыда аталған 1-тармаққа сәйкес өз құқықтарын пайдалану кезінде Хатшылық қандай да бір Уағдаласуши Мемлекеттің жасаған кез келген мәлімдемесіне тиісінше назар аударады және мұндай практика қолданылып жүргендіктен оларды жүзеге асырады.

#### 8-бап

Хатшылық, оның салымдары, табыстары мен басқа да меншігі мыналардан босатылады:

- а) барлық тікелей салықтардан; алайда Хатшылық, егер олар коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін алынатын болса, барлық ставкалардан, салықтар мен баждардан босатуды талап етпейтін болады;
- б) кедендік баж салықтарының барлық түрлерінен және Хатшылық қызмет бабында пайдалануы үшін әкелетін немесе әкететін заттарды әкелуге және әкетуге сан жағынан шектеу қоюдан; осылайша баж салығынсыз әкелінетін бұл заттар, сол ел үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, сату немесе сыйға тарту жолымен өздері апарылған елде қалып қоймауга тиісті;
- в) кедендік баж салықтарының барлық түрлерінен және Хатшылық жарияланымдарын әкелуге және әкетуге сан жағынан шектеулерден босатылады.

#### 9-бап

Хатшылық акциздік салықтардан және төленуге тиісті бағаның ішіне енетін қозғалмалы және қозғалмайтын мүлікті сатуға салынатын салықтардан босатуды талап ету ережесін ұстанбайтын болады. Алайда, егер Хатшылық қызметтік пайдалану үшін оған салықтар мен баж салықтары белгіленген немесе салықтар мен баж салықтары салынуға тиісті ірі мөлшердегі меншікті сатып алғатын болса, онда Уағдаласуши Мемлекеттер

мүмкіндігінше әкімшілік жолмен баж салығын немесе салықты төлеуден немесе төленген соманы қайтарудан босату туралы келісетін болады.

## 10-бап

1. Хатшылықтың ресми хат-хабарлары цензурадан өтүге жатпайды.

2. Хатшылық кодтарды пайдалануға, дипломатиялық курьер мен поштаның иммунитеттері мен артықшылықтарына ие курьер немесе мөрленіп-сүргіленген дипломатиялық пошта арқылы хат-хабарлар жөнелтуге және алуға құқылы.

3. Осы баптағы ешнэрсе де Уағдаласушы Мемлекет пен Хатшылық атынан өкілдік ететін Бас Хатшының белгілейтін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға кедергі келтіретіндегі ретте түсіндірілмейді.

## III Бөлім

### Уағдаласушы мемлекеттердің өкілдері

#### 11-бап

Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекет аумағындағы өзінің ЭКО-дағы басты тұрақты өкілі ретінде тағайындаған кез келген адамы, сондай-ақ оларды тағайындаған Мемлекет пен Хатшылық арасындағы келісімде олардың осы аумақта болуы және Хатшылық пен аумағында олар болып қайтатын Мемлекет арасындағы келісімде белгіленетін оның ресми персоналының мүшелері осы мемлекеттің дипломатиялық өкілдер мен олардың тиісті дәрежедегі ресми персоналы мүшелеріне беретін иммунитеттерімен және артықшылықтарымен пайдаланады.

#### 12-бап

1. 11-бапта аталмаған Ұйымдағы немесе оның қосалқы органдарының кез келген біреуіндегі Уағдаласушы Мемлекеттің кез келген өкілі өзінің қызметтік міндетін атқару кезінде екінші Уағдаласушы Мемлекет аумағында болған кезінде мынадай артықшылықтармен және иммунитеттермен пайдаланады:

- тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға тән жеке басын қамауға алуға немесе тұтқындауға қарсы иммунитет;
- ауызша немесе жазбаша мәлімдемелері мен оның ресми тұлға ретінде жасаған

- іс-әрекеттеріне байланысты сотта ісін қарауға қарсы иммунитет;
- в) барлық қағаздары мен құжаттарына тиіспеушілік;
  - г) кодтарды пайдалану, курьер арқылы немесе дипломатиялық мөрленіп-сүргіленген пошта арқылы қағаздар мен хат-хабарларды алу және жөнелту құқығы;
  - д) оның өзін, оның жұбайы мен олармен бірге келген және оның қарауындағы отбасының жақын туысқан мүшелерін тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға тән иммиграциялық шектеулерден, шет елдік азамат ретіндегі тіркеуден және мемлекеттік қызмет міндеткерліктерінен босату;
  - е) тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға тән валюталық және ақшалай шектеулерден босату;
  - ж) тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға тән оның жеке жүгіне қатысты иммунитеттер мен женілдіктер;
  - з) барған елінде қызметіне кірісу үшін бастапқы барған кезінде және оның осы елдегі жұмыс мерзімінің аяқталуына байланысты жиһазы мен жеке мүліктерін баж салығынсыз әкелу құқығы;
- басқаша жағдайда осы құқық қолданылатын барған елдің Үкіметі қажетті деп санайтын шарттарға жатқызылатын жиһаз бен мүліктерді баж салығынсыз қайтара алып кету құқығы;
- и) жеке пайдалануы үшін өзінің жекеменшік автокөлігін уақытша баж салығынсыз әкелу немесе басқаша жағдайда осы құқық қолданылатын барған елінің Үкіметі тиісті дәрежедегі дипломатиялық персонал үшін қажет деп санайтын шарттарға жатқызылатын осындай автокөлікті тиісінше баж салығынсыз сату немесе қайтара алып кету құқығы.

2. Кез келген заңды салық салу нысаны барған еліне байланысты болатын жерде осы Баптың құші қолданылатын өкілдің өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде екінші Уағдаласуши Мемлекеттің аумағында болатын мерзім оның болу мерзімі ретінде қарастырылмайды. Атап айтқанда, ол оның қызметтік міндеттерін атқару кезеңінің ішінде оның реңек жалақысы мен сыйақысына салынатын салықтан босатылады.

3. Осы Баптағы "өкіл" термині делегациялардың кез келген өкілдері, кеңесшілері және техникалық сарапшылары ретінде түсініледі. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет өзге мүдделі Уағдаласуши Мемлекеттерге олардың өтініші бойынша осы Баптың құші қолданылатын өз өкілдерінің аты-жөндері мен тектерін, сондай-ақ олардың осы мемлекет аумағында болуы мүмкін мерзімін хабарлайды.

де Уағдаласуши Мемлекет аумағына өзінің қызметтік міндеттерін атқару үшін келетін ресми қызмет персоналы 12-баптың 1(б), (в), (д), (ж), (з), (и), (к) тармағында және 2-тармағында белгіленген артықшылықтарға және иммунитеттерге ие.

#### 14-бап

Артықшылықтармен иммунитеттер Уағдаласуши Мемлекеттердің өкілдері мен олардың персоналына жеке басының пайдасы үшін емес, олардың Экономикалық Інтымақтастық Ұйымына байланысты өздерінің қызметтік міндеттерін тәуелсіз атқару кепілдігі ретінде беріледі. Осыған орай Уағдаласуши Мемлекет, егер оның пікірінше иммунитет сот ісінің қалыпты барысына кедергі келтіруі мүмкін болса және осы иммунитеттің берілу мақсатына одан бас тартушылық зиян шектірмейтін болса, Уағдаласуши Мемлекет өз өкілдері мен олардың персоналының иммунитеті құқығына ие болып қана қоймай, сондай-ақ аталған иммунитет құқығынан бас тартуға міндетті.

#### 15-бап

11-13 баптардың ережелері Уағдаласуши Мемлекеттерден осы құжатта аталған кез келген артықшылықтар мен иммунитеттерді өз азаматтарының қандай да болмасын біреуіне немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің аумағында тұрақты тұрмайтын азаматтарға немесе өз өкілі ретіндегі немесе осы өкіл персоналының мүшесі ретіндегі кез келген басқа адамға беруін талап етпейді.

### IV Бөлім

Хатшылыққа іссапарға жіберілген  
халықаралық персонал мен сарапшылар

#### 16-бап

Бас Хатшы 17-19-баптардың күші қолданылатын персоналды "дипломаттар" және "жалпы қызметтер" санаттарына бөлу схемасын әзірлеуге және осы санаттарға енгізілген лауазымды адамдардың аты-жөндері мен тектерін Уағдаласуши Тараптарға хабарлауға тиіс.

## 17-бап

Барған елдің азаматы болып табылатындарды қоспағанда, Хатшылықтың 16-бапта белгіленген лауазымды адамдары:

- а) олардың қызметтік құзыреті мен өкілеттіктері шегінде ауызша және жазбаша жасаған мәлімдемелері мен іс-әрекеттеріне байланысты сотта тергеуге қарсы иммунитетпен пайдаланады;
- б) өздерімен бірге тұратын немесе олардың қамқорлығындағы өздерінің жұбайлары мен отбасының жақын туыс мүшелерімен бірге шетелдік азаматтар ретінде тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға берілетін иммиграциялық шектеулер мен тіркеуге қарсы иммунитетпен пайдаланады;
- в) тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға берілетін валюта-ақша шектеулеріне қарсы иммунитетпен пайдаланады;
- г) өздерімен бірге тұратын немесе олардың қамқорлығындағы өздерінің жұбайларымен және отбасының жақын туыс мүшелерімен бірге халықаралық шиеленіс болған жағдайда тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға берілетін Отанына кедергісіз қайтып оралу құқығына ие;
- д) барған еліне, қызметіне кірісу үшін бастапқы барған сәтінде және осы елдегі жұмыс мерзімінің аяқталуына байланысты жиһазы мен мұліктерін баж салығынсыз әкелуге, сондай-ақ мұндай құқық қолданылатын барған елінің Үкіметі қажет деп санайтын шарттар қолданылмайтын өзге жағдайларда жиһазы мен мұліктерін баж салығынсыз қайта алып кетуге құқылы;
- е) жеке басының пайдалануы үшін жекеменшік автокөлігін және басқа да мұліктерін уақытша баж салығынсыз әкелуге және тиісті дәрежедегі дипломатиялық персонал үшін осы құқық қолданылатын барған елінің Үкіметі қажет деп санайтын шарттар қолданылмайтын өзге жағдайларда тиісінше осы автокөлікті баж салығынсыз сатуға немесе қайта алып кетуге құқылы.

## 18-бап

Хатшылықтың 16-бапта белгіленген лауазымды қызметкерлері олардың Хатшылықтан алғын еңбек жалақысы мен басқа да сыйақыларына салынатын салықтардан босатылады.

## 19-бап

17 және 18-баптарда аталған иммунитеттер мен артықшылықтарға қосымша Бас Хатшыға және Хатшылықтың өзге де жоғары лауазымды қызметкерлеріне Бас Хатшы мен әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі арасындағы уағдаластық бойынша әдетте тиісті дәрежедегі дипломатиялық персоналға берілетін артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі.

## 20-бап

1. Хатшылық атынан іссапарға жіберілетін сарапшыларға (17-19 баптардың күші қолданылатын лауазымды қызметкерлерді қоспағанда) олардың қызметтік міндеттерін атқару кезінде Уағдаласушы Мемлекет аумағында болған кезінде өздерінің міндеттерін тиімді атқаруына қажетті мөлшерде мына төмендегідей артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі:

- а) жеке басын тұтқындауға немесе қамауға алуға, жеке жүктөрін тәркілеуге қарсы иммунитет;
- б) Хатшылықта қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде олардың ауызша және жазбаша жасаған мәлімдемелері мен іс-әрекеттеріне байланысты сотта мәселе қарауға қарсы иммунитет;
- в) ресми іссапарларда жүрген шетелдік мемлекеттер үкіметтерінің лауазымды қызметкерлеріне берілетін валюта-ақша шектеулеріне және жеке жүктөріне байланысты шектеулерге қарсы иммунитет;
- г) олардың Хатшылыққа жалданған жұмысына байланысты кез келген қағаздар мен құжаттарға тиіспеушілік.

2. Бас Хатшы осы баптың күші қолданылатын сарапшылардың аты-жөндері мен тектерін мұдделі Уағдаласушы Мемлекеттерге хабарлайтын болады.

## 21-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер лауазымды қызметкерлер мен сарапшыларға олардың жеке пайдасы үшін емес, Хатшылықтың мұддесі үшін беріледі. Бас Хатшы, егер оның пікірі бойынша бұл иммунитет сот ісіне кедергі келтіретін болса және бұл иммунитеттен бас тартушылық Хатшылық мұдделеріне зиян шектірмейтін болса, осы лауазымды қызметкер азаматы болып табылатын мүше-ел үкіметінің келісімімен лауазымдық қызметкердің немесе сарапшының иммунитетінен бас тарта алады.

## 22-бап

17, 19 және 20-баптардың ережелеріне сәйкес бірде-бір мемлекет өздерінің қандай да бір азаматына мыналарды:

а) Хатшылықта өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде

олардың ауызша және жазбаша жасаған мәлімдемелері мен іс-әрекеттеріне байланысты сотта іс қарауға қарсы иммунитетті;

б) олардың Хатшылыққа жалданған жұмысына байланысты кез келген қағаздар мен құжаттарға тиіспеушілікті;

в) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін қажетті мөлшердегі валюта-ақша шектеулеріне қарсы иммунитетті қоспағанда осы құжатта аталған артықшылықтарды немесе иммунитеттерді бермеуге міндетті.

## V Бөлім Дауларды шешу

### 23-бап

ЭКО Министрлер Кеңесі мынадай даулы мәселелерді шешудің тиісті

тәсілдерін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды:

а) Тараптардың бірі Хатшылық болып табылатын контактілерден туындаитын немесе жеке сипаттағы өзге де даулы мәселелер;

б) егер 21-бапқа сәйкес олар бұл иммунитеттен бас тартпаған жағдайда IV бөлімнің күші қолданылатын және өзінің қызметтік жағдайына байланысты иммунитетпен пайдаланатын Хатшылықтың кез келген лауазымды адамына немесе сарапшысына қатысты мәселелер.

## VI Бөлім Қосымша келісімдер

### 24-бап

Хатшылық атынан өкілдік ете отырып, Бас Хатшы осы Келісімді орындау мақсатында кез келген Уағдаласушы Мемлекетпен немесе Мемлекеттермен келісімдер жасаса алады.

VII Бөлім  
Корытынды ережелер

25-бап

1. Осы Келісімді мүше-елдер өздерінің конституциялық нормалары мен практикасына сәйкес бекітуге тиіс және бекіту грамоталары олардың күәландырылған көшірмелерін басқа мүше-елдерге және Хатшылыққа тапсыратын Иран Ислам Республикасының Үкіметіне сақтауға тапсырылады.
2. Осы Келісім мүше-елдердің үштен екі бөлігі өздерінің бекіту

грамоталарын Иран Ислам Республикасына тапсырғаннан кейін күшіне енеді.

3. Осы Келісім бір тұпнұсқа данада ағылшын тілінде жасалды.
4. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін 1977 жылғы бастапқы Измир Шартына қоса тіркелген Экономикалық Інтимақтастық Ұйымының (ЭКО), Мүше-елдер өкілдерінің және Халықаралық персоналдың статусы туралы Келісімді алмастырады.
5. Осыны растау үшін төменде қол қоюшы өкілетті өкілдер осы Келісімнің астына өз қолдарын қойды.

Измирде бір мың тоғыз жүз тоқсан алтыншы жылдың \_\_\_\_\_  
айының \_\_\_\_\_ күні жасалды.

Ауғанстан Ислам Мемлекеті үшін  
Әзіrbайжан Республикасы үшін  
Иран Ислам Республикасы үшін  
Қазақстан Республикасы үшін  
Қыргыз Республикасы үшін  
Пакистан Ислам Республикасы үшін  
Тәжікстан Республикасы үшін  
Түрік Республикасы үшін

Түркіменстан үшін  
Өзбекстан Республикасы үшін

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК